

4209743256c630042d1aa/d48737161a0bc944c32574870048d8f7?OpenDocument

14. Шаклеина Т. Великие державы и региональные подсистемы // Международные процессы. Том 9. №2(26). Май-август 2011 // <http://www.intertrends.ru/twenty-sixth/004.htm>

15. Концепция внешней политики Российской Федерации (утверждена Президентом РФ Д.А. Медведевым 12 июля 2008 г.).

16. Там же.

17. Концепция внешней политики Российской Федерации (утверждена Президентом РФ В.В. Путиным 28 июня 2000 г.).

18. Концепция внешней политики Российской Федерации (утверждена Президентом РФ Д.А. Медведевым 12 июля 2008 г.).

The author analyzes foreign policy concepts of the Russian Federation of 1993, 2000 and 2008 and concentrates attention on continuity and peculiarities of these documents

Аталған мақалада автор 1993, 2000 және 2008 жылдарда шыққан Ресей Федерациясының сыртқы саяси тұжырымдамаларына талдау жасаған, сонымен қатар құжаттардағы сабақтастыққа және олардың ерекшеліктеріне назар аударған.

Г. Ергешқызы

АЗИЯДАҒЫ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖӘНЕ СЕНІМ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСКЕ (АӨСШК) МҮШЕ – МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Азияда арнайы қауіпсіздік пен ынтымақтастық институтын құру идеясы, КСРО мен АҚШ арасындағы қарама-қайшылық деңгейінің «шырықтау» кезі қырғи-қабақ соғыстың әлі де оты лапылдап жанған шағында, қандай да бір демеу таба алмаған кезеңде бірнеше рет талқыға салынған болатын. Алайда 90-шы жылдардың басында бұл идеяның келешегінің бар екені, Азия, әсіресе Орталық Азия аймағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ЕҚЫҰ іспеттес әмбебап және тиімді құрылымды құру мәселесі қарастырыла бастап, қауіпсіздік пен дамудың арасында ажырамайтын байланыс бар екені айқын көрініс тапты [1].

Күш-жігерді үйлесімдеудің қажеттігі, құрылымдағы мемлекеттердің Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңісін (АӨСШК) құру бастамасын қолдауы бірден-бір себептердің бірі еді. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Азиядағы қауіпсіздіктің келешегі жайында: «Бүгінде, бүкіл әлем келешектің айқын да, көмескі қауіп-қатерінің шегіне терең тамыр жайған кезеңде біздің өзара ықпалдастығымыздың үйлесімділігі ұйымдасудың жаңа деңгейге көтерілуіне итермелейді», – деп мәлімдеген болатын [2]. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) құрудың жаһандық бастамасының көтерілуі маңызды қадамдардың айғағы. Яки, мемлекет

Елбасымыздың тарихи бастамасының мәні – Азия құрлығының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі превентивті дипломатияның тиімді тетіктерін құру.

Алғашқы күндерден-ақ, бұл бастама азиялық мемлекеттердің, сонымен қатар халықаралық институттар, ең алдымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауына ие болды. АӨСШК-нің географиялық ауқымы өте кең: бұған Азия елдерінің тең жартысы мүше десек қателеспейміз. Олай дейтініміз, бұл ұйымға қазіргі таңда 24 ел мүше болса, 7 мемлекет және де біршама халықаралық беделді ұйымдар (БҰҰ, ЕҚЫҰ, Араб елдерінің лигасы) бақылаушы болып отыр. Бұл мемлекеттердің терең тарихы және дәстүрі, дамудың әр түрі бар жеке ерекшелігі, ұлттық мүдделердің әр алуандығы, саясаттың аймақтық және әлемдік мәселелерін шешудің өз пайымдауы бар. Сондықтан да, АӨСШК үрдісінің дамуы үшін мүше елдердің ортақ ықпалдасуы және жұмыла қызмет жасауына біршама уақыт қажет [3].

АӨСШК құру бастамасын көтермес бұрын көптеген талқылаулар мен дискуссиялар жүргізілді. Ол орынды да, өйткені мүше елдер арасындағы түсініспеушілік, сонымен қатар қару-жарақты таратпау мен оны залалсыздандыру, ішкі істерге араласпау сияқты мәселелер алдыңғы орында еді. Әрине, бұл мәселелерді шешу оңайға соқпайтынын, ортақ көпжақты тетіктерді дамыту қажет етті. Осыған қарамастан мүше елдер бұл мәселелердің шешімдері АӨСШК-ге тетіктері арқылы жүзеге асырылады деп сенді. АӨСШК

мүше-мемлекеттердің терең тарихы және дәстүрі, дамудың әр түрі бар жеке ерекшелігі, ұлттық мүдделердің әр алуандығына қарамастан, олардың мемлекетаралық ынтымақтастығының негізгі бағыттарына тоқтала кету жөн деп санаймын.

Ортақ ұстаным. Сенім шараларын жүзеге асыру үдерісі Ортақ ұстанымнан бастау алды. Сенім шаралары Каталогы 2004 ж. қазандағы АӨСШК-нің Екінші министрлер кездесуінде қабылданғанына қарамастан, кейінгі екі жарым жыл ішінде сенім шараларын нығайтуға қатысты ешқандай іс-шара жасалған жоқ десек қателеспейміз. Сондықтан да Қазақстан Республикасына «Әскери-саяси тұрғыдан сенім шараларын іске асыру туралы Төрағаның тұжырымдамасы» атты құжатты дайындау міндеті жүктелді. Бұдан кейін осының негізінде барлық мүше мемлекеттердің ортақ позициясын көрсететін «Ортақ ұстаным» құжаты дайындалады. Құжат АӨСШК-нің Сенім шаралары тізімдемесін және көпжақты форматтағы ынтымақтастықты нығайтуға және тізімдеменің жеке бағыттарындағы жұмыстарды айқындауға арналған әртүрлі жобаларды іс-жүзінде іске асыруға жол ашты [4].

Ортақ ұстаным Каталогтың қағидалары мен шараларды жүзеге асыру саясатына сәйкес келгенмен де, бір ерекшелігі бар. Ортақ ұстанымда, Каталогтағыдай ерекше ден қойып айтылып кеткендей әскери-саяси өлшемдегі сенім шаралары жайында тіл қатылмаған. Яғни, бұл дегеніміз, мүше-мемлекеттердің кейбіреулерінің пікірі бойынша әскери-саяси өлшемдегі сенім шараларын жүзеге асырудың уақыты әлі келмеген секілді. Мүше-мемлекеттер, ең алдымен, өз ынталарын әлеуметтік-экономикалық өлшем мен жаңа қауіп-қатерге ден қойып, содан кейін әскери-саяси өлшемге көшетін жайлы келісімдерге қол жеткізген болатын [5]. Ортақ ұстанымды қабылдау барысында, мүше-мемлекеттердің жетеуі өз еріктерімен сенім шараларын тоғыз салада жүзеге асыруда қызығушылық танытты. Айта кететін бір жайт, мүше-мемлекеттер адам және экономикалық өлшем, жаңа қауіп-қатерлер саласында үйлесімді қызмет жағдайына ерекше қызығушылық білдіргенмен де, қазіргі жаһандану дәуірінің терроризм, экстремизм және т.б. аса ауыр қауіптерінен асып түспесе, кем түспейтін экологиялық өлшем жайлы ешбір мемлекет сөз қозғаған жоқ. Моңғолия мемлекеті сыртқы істер министрлігінің үшінші кездесуінде экологиялық өлшемді үйлестіру мүмкіншілігін қарастыру жайлы ұсыныс жасағанмен, алайда растамай отыр.

Дей келе, әскери-саяси, 2010 ж. 18 қаңтарда Бангкок қаласында Қазақстан (АӨСШК-нің қазіргі төрағасы), Түркия (АӨСШК-нің келесі төрағасы) және Таиланд (АСЕАН мен Өңірлік форумының төрағасы) өкілдерінің қатысуымен үшжақты келіссөздер кезінде, АСЕАН-ның тәжірибесін пайдаланып, АӨСШК-нің әскери-саяси өлшемін дамыту негізгі мәселе болып табылды.

Адам өлшемі. Қазақстан Республикасы адам өлшеміндегі сенім шараларын жүзеге асырудағы үйлестіруші мемлекет. 2007 ж. мамыр айында Қазақстан сенім шараларын жүзеге асыруда, Іс-әрекет жоспары мен Концепция жобасын таратып, Астана қаласында 2007 ж. 27 маусымында айтылған екі жобаны тәмамдау мақсатында сарапшылар кездесуін шақырған болатын. Сарапшылар кездесуінде қабылданған бұл жобалар Аға лауазымды тұлғалар комитеті (АЛТК) және Арнаулы жұмыс топтарының (АЖТ) 2007 ж. 15-17 қазанындағы кездесуінде талқыланған болатын [4].

2007 ж. 15-17 қазандағы бірнеше талқылаулардан кейін Аға лауазымды тұлғалар комитеті АӨСШК-нің адам өлшемі сенім шараларын жүзеге асырудағы іс-әрекет жоспары мен Концепцияны мақұлдады. Іс-әрекет жоспары діниаралық келісім, өзара археологиялық экспедиция, мәдени мұра тарихы, ғылым және техника, кітапханалар мен мұражай арасындағы, сонымен қатар білім беру саласында ынтымақтастық бойынша конференциялар мен семинарлар өткізу сынды он пункті құрап отыр.

Іс-әрекет жоспары мен Концепцияны талқылауда Қазақстан біршама қомақты іс-шараларды ұйымдастырады деп шешілді. 2009 ж. 20 ақпанда Дели қаласында АӨСШК Аға лауазымды тұлғалар комитетінің (АЛТК) кезекті отырысында, Қазақстан адами өлшем бойынша сенім шараларын жүзеге асыру жөніндегі жобаны үйлестірушісі ретінде АӨСШК-нің гуманитарлық саладағы сенім шаралары жоспарын орындау аясында 2009 жылға арналған Іс-шаралар жоспарын таратты. Соның айғағы ретінде 2009 жылғы 1 мамырда Астанада жыл сайынғы Қазақстан халықтары достық фестивалі шеңберінде өтетін Азия кеңесі елдерінің халықтары этно-мәдени бірлестіктерінің форумы өтті. Қазақстанда 2008 жылы 27 маусымда Алматы қаласында министрлік Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, «Толеранттық және дінге еріктілік Орта Азияның жетістігі ретінде» атты халықаралық конференция өткізді; 2008 жылғы 12 тамызда Астана қаласында Президенттік мәдениет орталығында «Орталық

Азия елдеріндегі мәдениетаралық өзара іс-қимыл» атты тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. 2009 жылғы 27 наурызда Бішкек қаласында АӨСШК шеңберінде «Конфессиялар арасындағы сұхбат – тұрақты қоғамдастыққа жол» атты семинар өтті [4].

Есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресте Иран сенім шараларын үйлестіруші мемлекет болып табылады. Үйлестіруші мемлекет ретінде АЖТ 2007 ж. 15-17 қазанындағы кездесуінде Концепция жобасын талқылап, құжат жобасын мақұлдау үшін 2007 жылы 22-23 желтоқсанда Тегеран қаласында есірткіні заңсыз тасымалдауға қарсы күрес аясында сенім шаралар жөніндегі Бірінші мамандандырылған сарапшылардың кездесулері (МСК) өткізілген болатын. МСК мақұлданған жоба бірнеше кездесулер кезінде талқыға салынып, 2008 жылғы 23 тамызда есірткіні заңсыз тасымалдау мен айналымға шығарумен күрес жүргізуде АӨСШК-ге мүше-мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Концепциясы АЛТК кездесінде мақұлданды [6].

Концепция есірткіні заңсыз тасымалдауда күресте өзара заңдық көмек, есірткіге деген сұранысты азайту, тасымалдау көздерін жою, есірткіні дайындау, тасымалдаудың әртүрлі салалары бойынша және т.б. күресте ақпараттармен алмасу және қоғамның хабардар болуы сынды 12 салада ынтымақтастық жүргізеді деп шешті.

Хатшылық Иранның есірткіні заңсыз тасымалдаудағы Сенім шараларын үйлестіруші мемлекет Арнаулы жұмыс топтары және сарапшылар кездесуіне Іс-әрекет жоспарын дайындауына ұсыныс білдірді. Хатшылық – Ауғанстан, Әзірбайжан, Үндістан, Израиль, Корей Республикасы, ҚХР, Қазақстан Моңғолия және Ресей мемлекеттерінен ұлттық үйлестірушілері жайында ақпарат жинақтады.

Туризмді дамыту сенім шараларын жүзеге асыруда Тәжікстан үйлестіруші ел болып табылады. 2008 ж. маусым айында Тәжікстан АӨСШК-ге мүше-мемлекеттері арасындағы туризм саласы бойынша дайындалған Концепция жобасын ұсынып, 2008 жылы 27-28 қыркүйекте Душанбе қаласында АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасында туризм саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі Концепция жобасын талқылауға арналған МСК өткізілді. Кездесуге тек қана мүше-мемлекеттердің сегізі қатысты. Сондықтан да Концепция бейресми жағдайда талқыланды болатын. 2009 ж. 20 ақпанда Дели қаласында Аға лауазымды тұлғалар комитетінің кезекті отырысында экономикалық өлшемдегі туризм бағытының үйлестірушісі

(Тәжікстан) дайындаған Ынтымақтастық тұжырымдамасы бекітілді [3].

Сенім шараларындағы көлік дәліздері саясатын жүзеге асырудағы Әзірбайжан үйлестіруші мемлекет және Үндістан тең үйлестіруші мемлекет болып табылады. 2008 ж. наурыз айында сенім шараларындағы көлік дәліздерін жүзеге асырудың АӨСШК Концепция жобасы «Көлік дәліздерінің қауіпсіз және тиімді жүйесін дамытуды» талқылаған болатын.

2009 жылғы 29 қазанда Бейжін қаласында АӨСШК АЛТК-нің кезекті отырысы болып өтті. Оның алдында АЖТ шеңберінде екі күндік жұмыс өткізілді. Әзірбайжан Республикасында 2010 жылы қауіпсіз және тиімді көліктік дәліздерді дамыту жөніндегі ынтымақтастық саласындағы сенім шараларын іске асыру бойынша АӨСШК сарапшыларының кездесуін ұйымдастыру мәселесі шешілді [4].

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласындағы үйлестіруші ретінде Ресей мемлекеті және тең үйлестіруші мемлекет ретінде Таиланд тағайындалған. 2008 ж. ақпан айында болған кездесуде Ресей АӨСШК сенім шараларын жүзеге асырушы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласындағы іскери мүмкіншілік пен ақпараттық алмасу» Концепциясын ұсынды. Бұл Концепция АӨСШК-ге мүше-мемлекеттердің кезекті сарапшылар отырысында талқыланады деп шешілген. Алайда 2008 сәуір айына белгіленген кездесу ақпан айына қалдырылған болатын. Алайда 2008 жылы 4-6 қарашада Алматы қаласында АӨСШК-нің Қаржы сарапшыларының кездесуі өтті. 2009 жылғы 9 маусымда Мәскеу қаласында АӨСШК Сенім шаралары тізімдемесін іскерлік мүмкіншіліктеріне жәрдем көрсету және шағын және орта кәсіпорын саласында ақпаратпен алмасу саласында іске асыру бойынша мамандандырылған сарапшылар кездесуі өтті. Кездесу барысында аталған саладағы АӨСШК сенім шаралары бойынша тұжырымдама мен 2009-2010 жылдарға арналған Іс-қимыл жоспарының жобалары талқыланды. 2010 ж. 18 қаңтарда Бангкок қаласында Қазақстан (АӨСШК-нің қазіргі төрағасы), Түркия (АӨСШК-нің келесі төрағасы) және Таиланд (АСЕАН мен Өңірлік форумының төрағасы) өкілдерінің қатысуымен үшжақты келіссөздер өтті. Олардың күн тәртібінде АСЕАН-нің тәжірибесін пайдаланып, АӨСШК-ның әскери-саяси өлшемін дамыту негізгі мәселе және шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласындағы ынтымақтастық мәселесі болып

табылды. Таиланд Корольдігі АСЕАН-ның аймақтық форумының Төраға ретінде АӨСШК Төрағасымен әскери-саяси және экономикалық өлшемдегі өз көзқарасы және тәжірибесімен алмасуға ниет білдірді [4].

Ал энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытының сенім шараларын Корея Республикасы үйлестіруші мемлекет ролінде және Индия тең үйлестірушісі мемлекет ретінде тағайындалды. 2008 сәуір айында Корея Республикасы энергетика саласындағы АӨСШК сенім шаралары Каталогын жүзеге асырушы Концепция жобасын паш етті. Бұл Концепция АӨСШК мүше-мемлекеттердің арасында қызу талқыға салынып, олардан түскен пікірлер сарапшылар отырысында әрі қарай талқыланады деп ұйғарылды. 2010 ж. 23 қаңтарда Алматы қаласында АӨСШК АЛТК-ның келесі мәжілісі өтті. Кездесу барысында бүкіл Азия құрлығында қауіпсіздік, гуманитария және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша іс-қимылдар жоспарлары мен Тұжырымдамалар қарастырылды.

Жалпы көріп отырғанымыздай, сенім шараларын жүзеге асыруда біршама қадамдар жасалды, дегенмен бұл іс-шаралар әлі де жеткіліксіз. Өйткені сенім шараларын тәжірибе жүзінде іске асыру тек АӨСШК үдерісін дамытумен ғана емес, сонымен қатар бұл форумның қазіргі таңда Азия құрлығында өзектілігін сақтауда болып отыр. Сенім шаралары бойынша іс-әрекет тек сөз жүзінде қалып қоймай, нақты шараларды жүзеге асыру қажеттілігі сөзсіз. Ол үшін әрине мүше-мемлекеттер бар күш-

жігерлерін салып, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла ынтымақтасуы абзал.

1. Абусеитов К.Х. АӨСШК: Қазақстан көзқарасы // Дипломатия жаршысы. ҚР СІМ Басылымы. – 2001. қаңтар-мамыр. № 1-2. 109-112 б.

2. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың мәлімдемесі // <http://www.akorda.kz/>

3. Кожихов А. АӨСШК сұрақтар мен жауаптар: анықтама / Б.К. Сұлтановтың редакциясымен. Сыртқы саясат және сараптама орталығы. – Алматы, 2001. – 29 б. 6-17 б.

4. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі // Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігінің ресми веб-сайты. <http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/security/conference>.

5. АӨСШК-нің Екінші министрлер кездесуі 2004 ж. қазан айы // www.inform.kz/

6. Абусеитов Қайрат АӨСШК: Қазақстан көзқарасы // Континент, – № 9 (47) 2001. 9-22 мамыр.

В этой статье рассматриваются некоторые основные направления Межгосударственного сотрудничества стран-участниц Совещаний по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА) в рамках Каталога мер доверия, туризма, обеспечения энергетической безопасности, развития малого и среднего предпринимательства, незаконного оборота наркотиков и транспортного коридора.

This article discusses some of the main directions of interstate cooperation among the member states of Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA) in the Catalogue of confidence building measures, tourism, energy security, development of small and medium-sized businesses, drug trafficking and transport corridor.

Чо Ын-Джон

МНОГОСТОРОННЯЯ БЕЗОПАСНОСТЬ В СЕВЕРО-ВОСТОЧНОЙ АЗИИ И РОЛЬ КОРЕИ

Изменение ситуации в безопасности Северо-Восточной Азии после холодной войны

После падения Берлинской стены в 1989 году и распада Советского Союза в 1991 году холодная война, которая продолжалась уже более 40 лет, закончилась и превратилась в исторический пережиток недавнего прошлого. Сегодня конфронтация идеологии теряет смысл и поэтому напряжение военного конфликта уменьшилось более, чем когда-либо прежде. Но наряду с появлением национального экономического эгоизма, появляется новый национализм, который стал причиной

многих региональных споров [1]. Во время холодной войны в регионе Северо-Восточной Азии существовали трёхсторонний альянс между СССР-КНР-КНДР и трёхстороннее сотрудничество между США-Япония-Южная Корея под руководством США и они сильно противостояли друг другу. Но в начале 90-х с распадом СССР коммунистический союз был распущен и после того региональная политическая конъюнктура в этом регионе быстро нормализовалась путём перестройки двусторонних отношений между этими странами, включая установление дипломатических отноше-